

**Бесқарағай ауданы Ерناзар ауылдық округі Қоянбай ауылының "Серикбол" шаруа қожалығының "Аккашар" учаскесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 мамырда № 5009 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің 28.06.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1- бабы 7) тармақшасына, ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2017 жылғы 24 наурыздағы № 49 ұсынысы негізінде Ерназар ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Құтырма ауруының шығуына байланысты Бесқарағай ауданы Ерназар ауылдық округі Қоянбай ауылының "Серикбол" шаруа қожалығының "Аккашар" учаскесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Шешім оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ерназар ауылдық округінің әкімі*

*Р. Заденов*